

кп

**ҚР Премьер-Министрі Б.Ә. Сағынтаевтың
Экономика жөніндегі сарапшылық кеңестің бесінші отырысында
берген тапсырмалары**

Астана қаласы № 17-59/16-27 2017 жылғы 20 сәуір
Қатысқандар: (тізім бойынша)

**Республикада экономикалық өсімді
қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы**

(Сағынтаев, Сұлтанов, Әбілқасымова, Сарапшылық кеңестің мүшелері)

1. Сарапшылық кеңестің мүшесі Ж.А. Ахметовтің республикада экономикалық өсімді қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы ақпараты назарға алынсын.
2. Ұлттық экономика министрлігі, мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар Сарапшылық кеңестің мүшелерімен:
 - банк секторын дамыту, экономиканың жекелеген секторларының бәсекеге қабілеттілігі, урбанизацияны және еңбек нарығын дамыту, экономикалық өсімді қамтамасыз ету, сондай-ақ республикадағы салық саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды;
 - «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістерді талқыласын.
 Талқылаудың нәтижелері туралы Сарапшылық кеңестің келесі отырысында баяндасын.
4. Сарапшылық кеңестің мүшелері республикадағы салық саясатын жетілдіру мәселелерін талқылау бойынша ағымдағы жылғы мамырдың екінші онкүндігінде кезекті отырыстың өткізілуін қамтамасыз етсін.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев



